

ӘОЖ 070

Қ. Н. Мысаева

Журналистика факультеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: Karlyga.mysayeva@kaznu.kz

Ғаламдық журналистиканы оқытудың ерекшеліктері

Мақалада Қазақстандағы журналистиканы дамытудағы ғаламдық журналистиканың ерекшеліктері қарастырылады. Сонымен қатар, халықаралық жаңалықтарды таратудағы халықаралық журналистің рөлі анықталады.

Түйін сөздер: ғаламдық журналистика, шетелдік ақпарат, ақпараттық қоғам.

K.N. Mysayeva

Features of the global journalism training

This paper based on the problem of training a global journalism of the development of modern journalism in Kazakhstan. The author defining the role of international journalists in the coverage of international news.

Keywords: global journalism, foreign information, the information society.

К.Н. Мысаева

Особенности обучения глобальной журналистики

В статье рассматриваются особенности глобальной журналистики и ее значение в развитии современной журналистики Казахстана. А также определяется роль международного журналиста в освещении зарубежных новостей.

Ключевые слова: глобальная журналистика, зарубежная информация, информационное общество.

Ғаламдастыру үдерісі заманауи талаптарға сәйкес ғаламдық платформадағы журналистиканың қағидалары мен тәжірибелерін жан-жақты түсіндіруге және журналистиканың әлемдік мәселелерін талдауға назар аудартуда. Себебі ғаламдық журналистиканың тәжірибесі арқылы кез-келген елдің жергілікті мәдени ортасын бағалауға үйренеді.

Мәселен, әлемдік медианарықтағы көшбасшылыққа ие «The International Herald Tribune» әлемнің 35 бөлімінде басылып, 160-тан астам елдерге таралады. Оның шығарушысы Стивен Данбер-Джонсон газеттің әлемдік ақпарат нарығында «жетістікке жету құпиясын» меншік иесінің американдық, дәстүрінің еуропалық болуында деп есептейді: «Біз негізінен халықаралық журналистиканың жоғары сапалы болуына назар аударамыз. Қазір халықаралық журналистиканың аясы кеңіп келе жатқанына

сенемін. Бұл дегеніміз ғаламдық деңгейде ойлайтын ғаламдық қоғамдастықтың пайда болуы. Бұл халықаралық қарым-қатынастың болашағы туралы ойланатын, әлем қандай өзгерістерге ұшырайды немесе әлемнің даму бағыты қандай болады деген секілді ортақ сауалдарға жауап іздеген көптеген көрермендерді біріктіреді. Біздің газет әлемдік халықаралық салада қандай күш басты рөлге ие және бұл сала қалай дамиды деген сауалға жауап іздейтін ғаламдық адамдарға арналған» [1]. «The International Herald Tribune» күнделікті 22 бетке әр түрлі тақырыппен әлемдегі жаңалықтарды жазады. Бұл дегеніміз – кез-келген мемлекеттің халықаралық журналистика арқылы шығармашылық және коммерциялық жетістіктерге қол жеткізуге болатынын дәлелдейді.

Қазіргі кезде посткеңестік елдердегі халықаралық журналистикаға қатысты мәселелер әлі

күнге сақталуда. 2005 жылы Мәскеу мемлекеттік университетінде өткен «Халықаралық журналистика: уақыт төрелігі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда «Қазір халықаралық журналистика бар ма және оның жанр ретінде құны сақталды ма?; Егер бар болса, оны қалай білуге болады?; Белгілі бір елдегі оның өзіне тән даму ерекшеліктері қандай?; Неліктен халықаралық журналистика АҚШ-та, Еуропада жоғары сұранысқа ие, алайда Ресейде, басқа да посткеңестік елдерде «рейтингілік» емес» деген ссекілді мәселелер көтерілді» [2]. Халықаралық журналистиканы зерттеушілерге осы сауалды бағыттағанда, олардың жауабы ТМД елдерінің басым көпшілігінің халықаралық жаңалықтарға назар аудармауы және халықаралық қарым-қатынас мәселелерін анықтауға белсенділік танытпауында деген жауап берді. Кейбір ақпарат құралдарында бұл тақырыпқа арналған айдарлардың және бөлімдердің қысқаруы мен тіптен толығымен жойылып кету тенденциясы да байқалды. Сондықтан қазір халықаралық журналистика жанры дағдарысты басынан кешіруде және бұл үлкен мәселе. Соның нәтижесінде қазір шетелде болып жатқан жаңалықтарды тарататын бұқаралық ақпарат құралдарына деген қызығушылық кеміді» [3].

Өткен тарих беттеріне назар салсақ, кеңестік кезеңдегі халықаралық журналистиканың даму кезеңі «суық соғыс» уақытындағы халықаралық журналистерден нағыз күрескерлік пен табанды түрде шебер жазуды талап етуден байқалды. Солардың қатарында бірнеше халықаралық журналистер Борис Стрельников, Евгений Примаков, Всеволод Овчинников және Мэлор Стурау, Генрих Боровик және Александр Бовин аталады. Берлин қабырғасы құлағаннан кейін атақты «суық соғыс» аяқталысымен бұрынғы Кеңестер Одағы елдерінде халықаралық журналистикаға деген сұраныс азайып, оның рөлі біртіндеп төмендей бастады. Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары халықаралық журналистика қазіргі журналистиканың бір тармақшасы ретінде аталудан да қалған еді. Мұның өзіндік объективті және субъективті себептері болды. Оқырмандардың, көрермендердің, тыңдармандардың барлық қызығушылығы елдің ішіндегі саяси, экономикалық өзгерістерге толығымен ауысты. Сонымен қатар, халық журналистерден өздеріне ғана қатысты мәселелерге жауап алуға көшті. Сондай ақ жаңадан тәуелсіздігін алған посткеңестік елдерде кәсіби тұрғыдан сапалы

халықаралық-журналист болу үлкен мәселеге айналды, себебі, кеңестер дәуірінде оларды бір орталықтан яғни тек Мәскеудегі жоғары деңгейлі оқу орындарында ғана дайындаған. Мәселен, Қазақстанда «Халықаралық журналистика» мамандығы бойынша даярлау алғаш ҚазҰУ-де тоқсаныншы жылдардың ортасында ашылғанымен, кейіннен жабылып қалды. Яғни, қазіргі кезде Қазақстанда халықаралық-журналист мамандығы бакалавриат дәрежесі бойынша жеке мамандық ретінде оқытылмайды. Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетінің ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғаммен байланыс кафедрасында магистратура бойынша ғана осы мамандыққа маман дайындалады.

Ғаламдастырудың өмірімізге дендеп енуі әлемдегі үдерістерді тез өзгертуде. Қазіргі кездің өзінде ғаламдық коммуникациялық жүйені құру үшін техникалық базаны қамтамасыз ететін ақпараттық төңкеріс жүруде. Әлем жоғары қарқындылық пен серпінділікті сипаттайтын түбегейлі экономикалық, қоғамдық, әскери-саяси және басқа да өзгерістерге ұшырауда. Саясат әлемінде әлемде бір полярлықтан көп полярлық құрылғыға өту тенденциясын басынан өткеруде. Экономика саласында біз әлемдік капиталдың интернационализациялануы мен экономикалық көшбасшылықтың жаңа орталықтарындағы қаржы ағымы мен өндіріс қуаттылықтарын қайта бөліске салынуына куә болудамыз. Ал, ақпараттық сала адам өмірінің, қоғам мен мемлекеттің жүйе құрушы факторына айналуда. Яғни, бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі мен ғаламдық коммуникациялық механизмнің экономикалық, саяси және әлеуметтік жағдайға ықпалы айтарлықтай артуда [4].

Бұл объективті жағдайлардың барлығы әлемдік жаңа үдерістерді жедел, компетентті түрде жүзеге асыру үшін және оны өз елінің мүддесі тұрғысында және жақын көршілес елдер арқылы таратуды қажет етуде. Қазіргі кезде экономиканың, тауарлардың, капиталдың, еңбек ресурстардың еркін таралуы кеңінен қолданатын шақта, өзара тұлғалық байланыс, сыртқы және ішкі саяси, экономикалық және ақпараттық үдерістердің арасындағы шекара жойылуда. Яғни журналистикасының халықаралық сегментінің артуы – ең өзекті мәселе болып отыр.

Ғаламдық журналистиканы оқыту барысында оқу бағдарламаларының негізгі мазмұны ғаламдастыру, бұқаралық ақпарат құралдары

туралы заң, ақпарат құралдары және меншік концентрациясы секілді өзекті мәселелер бойынша ғылыми әдебиетті оқуға негізделуі қажет. Ғаламдық журналистиканы әр түрлі көзқараста және талдауларға сүйене беру үшін курс барысында оқылатын дәрістердің және пікірталастардың (онлайн және сыныпта) теория мен тәжірибенің сабақтастығы маңызды болып табылады. Студенттердің осы салаға қатысты әдебиеттерге сыни көзқараспен қарауға үйренуі тиіс. Ол үшін студенттердің дәріс барысында берілетін материалдарды жақсы меңгеруі тиіс, яғни журналистиканың ғаламдық мәселелерін талдай білуі, баяндама жасау және берілген тапсырмаларды өз бетінше орындай алуы міндетті. Студенттерде бұл курсты оқымастан бұрын жалпы журналистиканың құралдары мен әдіс-тәсілдері туралы базалық білімдері болуы қажет. Бұл курс студенттердің өздерінде бар білімді жаңа біліммен толықтыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оларды әлемдік журналистиканың негізгі мәселелері туралы білімі терең журналист болуға тәрбиелейді. Курсты оқыту нәтижесінде студенттердің:

- а) талдамалық қабілеттерін қалыптастыруға;
- б) ғаламдық журналистиканың өзекті мәселелеріне жауап беруге, зерттеулерді тиімді және дұрыс пайдалануға;
- с) ауызша презентация жасай алуға;
- г) ұлттық және халықаралық БАҚ жайлы білімін жетілдіруге көмектеседі.

Оқыту әдісі семинар форматында дәрістер, оқыған материалдарды талқылау, тақырыптық зерттеулер мен тағылымдамаларды талдау арқылы жүргізіледі.

Бағалау жүйесіне келер болсақ 30 пайыз апталық тапсырмаларға негізделген; курстық жұмыс 20 пайыз және қосымша презентацияға 5 пайыз және 20 пайыз жобамен жұмыс: «жаңа медиа сайт» жасау. Мысал ретінде студенттер семестр бойы тандап алынған тақырып бойынша блог жазбалары немесе YouTube видео жазбаларын жазады. Егер онлайн ресурстарға қолжетімділік болмаса дәстүрлі медиаға яғни газет-журналдарға, радио-шоу, жергілікті радио-шоу, жергілікті телевидение, халықтық БАҚ-қа берілген тақырып бойынша материал жариялайды, ал, 10 пайыз сабаққа қатысуға қойылады.

Жалпы ғаламдық журналистика әр елдің ерекшелігіне байланысты өзгертіп қолдануға болатын ашық бағдарлама. Сонымен қатар, бұл курстың ерекшелігі осы пәнге қатысты негізгі

әдебиеттермен қатар оны әрбір қолданушы өз қажеттілігіне қарай жергілікті оқу құралдарымен толықтырып пайдалануы қажет. Сондықтан, ғаламдық журналистиканың оқу материалдарын жергілікті жердің қажеттілігіне қарай бейімдеуге болады. Бағдарламаның басты мақсатына сәйкес «Ғаламдастыру және бұқаралық ақпарат құралдары», «Әлемдік медиа жүйені салыстыру (әр түрлі ұлттық жүйелердің ерекшеліктерін талдау), «БАҚ туралы заң және оны реттеу», «Медиа этика», «Ғаламдық БАҚ-тың өзекті мәселелері», «БАҚ-тың ақпарат таратуы», «Бұқаралық ақпарат құралдары иелері және концентрация» секілді маңызды тақырыптарды қамтиды.

Ғаламдық журналистиканы оқыту барысында теориялық негіздеме ретінде ғаламдастырудың БАҚ-қа ықпалы, ғаламдық коммуникациялар контекстінде ғаламдастырудың болашағы туралы жан-жақты ақпараттар қарастырылуы тиіс. Сонымен қатар, жергілікті, ұлттық, өңірлік және ғаламдық БАҚ және Интернет сайттарды аудиториясы мен меншік иесімен қоса айырмашылықтары мен ұқсастықтарын анықтауда маңызды. Олардың қаншасы трансұлттық компанияларға және қаншауы жеке меншікке тиесілі екені және олардың бағыт-бағдарын анықтау қажет.

Басқаша айтқанда, халықаралық журналистика өз оқырмандарының, тыңдармандарының, көрермендерінің әр түрлі күткен нәтижелерін көрсете білулері тиіс. Бір жағынан бұл әлемде болып жатқан жаңалықтарды аудиторияға қызғылықты етіп жеткізе білу, екіншіден осы халықаралық ақпараттар ағынында өзіндік ұстаным мен дұрыс бағдарлай білу де маңызды. Осы тұрғыдан алғанда, алдыңғы шепке халықаралық ақпарат көздері арасындағы бәсекелестік емес, ақпарат көзі мен оны таратушылар арасындағы шығармашылық талас туындауы мүмкін. «Халықаралық журналист үшін ең маңызды ереже бар: факт міндетті, ал, комментарий еркін» [6].

Бұл талаптар халықаралық журналистке қойылатын қосымша жауапкершілік. Сондықтан, қазір халықаралық-журналист боламын деушілерге елтану-маманы болуы аздық етеді. Яғни ол саясаттанушы, экономист, әлеуметтанушының кәсіби біліктілігін қатар меңгеру қажеттілігін түсінеді және бұл жинақталған білім оның әмбебап маман екенінің куәсі болады. Мәселен, саясаттанушы халықаралық-журналист ретінде ол елдің сыртқы және ішкі саясатын біліп қана қоймай,

қазіргі әлемдегі халықаралық-саяси үдерістерді талдай білуге міндетті. Ал, экономист ретінде ұлттық және әлемдік экономикадағы шағын және орта бизнестің даму ерекшеліктері мен олардың өңірлік, салалық, елдік және ғаламдық деңгейдегі әлеуметтік, саяси үдерістерге ықпалын білуі тиіс. Әлеуметтанушы ретінде әлемдік дамудың ғаламдастыру үдерісі жағдайындағы қазіргі әлеуметтік динамикасының өзгеру үдерістерін түсінуі керек. Сонымен қатар, халықаралық журналист ретінде шетелдік жаңалықтарды, әлемдік өзгерістерді білумен қатар, аралас білімдерге де назар аудару білуі маңызды.

Сондықтан, ақпараттық ғасырдағы ғаламдастыру үдерістері ақпаратта шекара жоқ екенін дәлелдеп берді. Біздің елімізде халықаралық журналистиканы бұдан ары қарай дамыту үшін мынадай мәселелерді шешу қажет:

- ел туралы ақпараттардың халықаралық ақпарат құралдарында шынайы таратылуына және ақпараттар сапасының кәсіби тұрғыдан жоғары деңгейде болуына назар аудару;
- шетел жаңалықтарының халыққа қолжетімділігі мен уақытылы таралуын қадағалау;
- жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында халықаралық тақырыптардағы ақпараттардың берілуін арттыру;

- халықаралық-журналист мамандарын дайындауға ерекше көңіл бөлу және осы мамандыққа жастарды көптеп тарту;

- халықаралық журналистика саласындағы ғылыми жаңалықтарды, жетістіктерді зерттеуге мүмкіндік жасау.

Интернеттің қарқынды дамуы ақпараттардың ғаламдық сипатқа ие болуына үлкен ықпал етуде. Ғаламдық журналистиканың басты құралы ретінде шетел ақпарат құралдарындағы жаңалықтарды табуға Интернеттің мүмкіндігі шексіз. Сондықтан, әр түрлі арналар бойынша таралатын халықаралық жаңалықтарды аудиторияға жеткізуші халықаралық-журналистің кәсіби рөлі күннен-күнге артуы дәлел бола алады. Осы тұрғыдан алғанда, қазіргі халықаралық журналистикада ғаламдық жаңалықты кәсіби түсіндіруші заңнамалық тұрғыдан енгізілуі қажет.

Халықаралық-журналистке қойылатын негізгі талаптар – бейтараптылық пен объективтілік, кәсіби мамандыққа адалдық және әділеттілік осы мамандықты таңдаған жастарға студенттік шақтан үйретілуі тиіс және ол олардың кәсіби шеберлігінің маңызды шарты болуы қажет.

Әдебиеттер

- 1 Наша газета для космополитов [Электронный ресурс]. – 2009. – Режим доступа: <http://www.zakon.kz/144583-the-international-herald-tribune-nasha.html>. – Дата доступа: 02.12.2010.
- 2 Конференция Международная журналистика: испытание временем [Электронный ресурс]. – 2005. – Режим доступа: <http://www.advertology.ru/article21523.html>. – Дата доступа: 25.11.2010.
- 3 Тоганян, В. Журналистика в СНГ – кризис или расцвет / В.Тоганян // [Электронный ресурс]. 2007. – Режим доступа: <http://www.centrasia.ru/newsA.php?st=1196894040>. – Дата доступа: 10.12.2010.
- 4 Международная журналистика [Электронный ресурс]. – 2010. – Режим доступа: http://ru.wikipedia.org/wiki/Международная_журналистика. – Дата доступа: 20.11.2010.
- 5 Международные принципы профессиональной этики в журналистике [Электронный ресурс]. – 1983. – Режим доступа: http://www.yojo.ru/wp/?page_id=82. – Дата доступа: 20.12.2010.
- 6 Полетаев, Э. Международная журналистика: навигатор для авторов из Центральной Азии / Э.Полетаев // [Электронный ресурс]. 2003. – Режим доступа: http://www.library.cjes.ru/online/?a=con&b_id=360. – Дата доступа: 02.12.2010.

References

- 1 Nostri diurna cosmopolitans quia [electronic resource]. – MMIX. – De modo obuius: <http://www.zakon.kz/144583-the-international-herald-tribune-nasha.html>. – Datum est aditus: 02.12.2010.
- 2 Journalism Conferentiae Internationalis: probatio tempus [electronic resource]. – MMV. – De modo obuius: <http://www.advertology.ru/article21523.html>. – Datum est aditus: 25.11.2010.
- 3 Toganian, in Cis Journalism V. – tempore et florentem / V.Toganyan // [electronic resource]. MMVII. – De modo obuius: <http://www.centrasia.ru/newsA.php?st=1196894040>. – Datum est aditus: 10.12.2010.
- 4 Journalism International [electronic resource]. – MMX. – De modo obuius: http://ru.wikipedia.org/wiki/Международная_журналистика. – Datum est aditus: 20.11.2010.
- 5 Lorem ipsum dolor ethica principia in journalism [electronic resource]. – MCMLXXXIII. – De modo obuius: http://www.yojo.ru/wp/?page_id=82. – Datum est aditus: 20.12.2010.
- 6 E. Lorem Poletaev Journalism: gubernatorem in auctores Central Asia / E.Poletaev // [electronic resource]. MMIII. – De modo obuius: http://www.library.cjes.ru/online/?a=con&b_id=360. – Datum est aditus: 02.12.2010.